

Халықтық IPO бағдарламасы туралы

IPO (ағылшынша *Initial Public Offering*) – қандай да бір компанияның **акцияларын** сату үшін бастапқы бұқаралық ұсыну. Бұл ретте «бастапқы» сөзі компанияның өз акцияларын **биржаға** алғаш рет шығаруын білдіреді.

«**Халықтық IPO**» – бұл Қазақстан азаматтарына ірі ұлттық компаниялардың акцияларын сатып алу және сөйтіп, олардың мүмкін пайдасының бір бөлігін алуды ғана емес, сондай-ақ олардың дамуына қатысу мүмкіндігін беретін бірегей Бағдарлама.

«**Халықтық IPO**» ауқымды жобасы Мемлекет басшысы Н.А. Назарбаевтың тапсырмасы бойынша әзірленді және 2012-2015 жылдарға жоспарланған.

«**Халықтық IPO**» бағдарламасының идеясы халықты ірі ұлттық компаниялардың акцияларын сатып алу мүмкіндігін беру, бұл ретте барлық азаматтардың әділ және тең мүмкіндігін қамтамасыз ету арқылы жергілікті қор нарығына қатысуға тарту болып табылады.

Егер «**Халықтық IPO**» Бағдарламасы туралы айтатын болсақ, онда оның маңызды сипаттамасы мемлекеттің халық арасынан шыққан инвесторларды нарықтық және өзге тәуекелдерден барынша қауіпсіздендіруге талпыну болып табылады. Сондықтан мемлекет акцияларының толықтай немесе бақылайтын пакетіне иелік ететін кәсіпорындардың акциялары сатуға шығарылады. Әдетте, халықтық IPO экономикалық құлдырау кезінде емес, жағымды экономикалық жағдайларда жүргізіледі. Қазақстанда мұндай IPO экономикалық өрлеу толқыны кезінде жүргізу жоспарланып отыр. Біздің еліміз әлемдік қаржы дағдарысы кезеңінен сәтті өтті.

Бағдарламаның шеңберінде мемлекеттің компаниялардың акцияларын сатып алу құқығын, материалдық ауқаттылығының деңгейіне, жасына немесе тұрғылықты жеріне қарамастан, Қазақстан азаматтары ғана алады.


Бұл ретте бағалы қағаздардың түпнұсқалары қолға берілмейтінін түсіну маңызды, өйткені бүкіл есеп электронды түрде жүргізіледі. Бұлар материалсызданған қағаздар деп аталады. Брокерде шот ашылып, онда мәміленің барлық мән-жайлары жазылатын болады. Инвестор қолына шоттан үзінді көшірмені алады, онда қағаздардың құны мен саны көрсетіледі.

Табысты компаниялардың акцияларын иелену азаматтарға олардың дамуынан және өсуінен пайда алу мүмкіндігін береді. Бұл акциялардың бағасы өскен кезде де, дивидендтер төлеу есебінен де болады. Екіншіден, Халықтық IPO қор нарығының дамуына ықпал етеді. Халыққа жетекші кәсіпорындардың акцияларын сатып алу мүмкіндігін бере отырып, мемлекет инвесторлар аясын кеңейтеді. Акцияларға сұраныстың ұлғаюы олардың өтімділігінің өсуіне алып келеді, бұл өз кезегінде қор нарығының дамуына жағымды әсер етеді. Үшіншіден, Халықтық IPO барысында тартылған қаражаттарды мемлекеттік компаниялар өздерінің одан әрі дамуына, активтерді сатып алуға, өндірісті жаңғырту мен кеңейтуге инвестициялай алады.

Барлық сұрақтар бойынша сіздер мына телефондарға хабарласа аласыздар:

+7 (727) 393 73 50 +7 (727) 393 73 51

+7 (727) 393 73 52 +7 (727) 393 73 22



1. Брокерлік шарт жасау және шот ашу.

Брокерлік шотты ашу үшін: *Жеке куәлік* және *СТН* қажет. Брокерлік шот бір күннің ішінде тегін ашылады.

2. Ақша қаражаттарын өзінің брокерлік шотына аудару.

3. Бағалы қағаздарды сатып алуға бұйрық беру.

Біз Бағдарламаға қатысуға шешім қабылдаған барлық адамдарға қазірдің өзінде брокерлік шот ашуды ұсынамыз, өйткені «Халықтық IPO» Бағдарламасы бойынша өтінімдерді қабылдау кітабы ашыла салысымен өзіңізді қызықтыратын компанияның акцияларын сатып алуға өтінімді ЭСҚ көмегімен кезекке тұрмастан үйден беруге болады.

Клиент ақшаны алдын ала ТӨЛЕМЕЙДІ және брокермен шарт жасау және Орталық депозитарийде өз шотын ашу үшін ешқандай ақы ТӨЛЕМЕЙДІ. Шығыстар қағазды нақты сатып алу, атап айтқанда: сатып алынған қағаз көлеміне төлем және брокермен Қазақстан Қор Биржасының комиссияларына төлем жасаған кезден басталады.

* Клиенттің шотында ақша болу қажеттілігі сатып алуға өтінім берілген кезден басталады, бірақ ол оны есеп айырысуларды жүргізу күні нақты сатып алған кезде жұмсайды.

ТАРИФТЕР

Брокер қызметінің түрлері	Стандартты тарифтік кесте	«Халықтық IPO» Бағдарламасы шеңберіндегі тарифтер
10 млн. теңгеге дейінгі сатып алулар/сатулар	мәміле сомасынан 0,06%, кем дегенде 2 АЕК	«Халықтық IPO» Бағдарламасына кіретін компаниялардың акцияларын бастапқы орналастыру кезінде сатып алғанда мәміле сомасы 200 000 тг. кем болғанда әрбір мәміле үшін Брокердің комиссиясы 1 500 тг. құрайды. *мәміле сомасы 200 000 теңгеден жоғары болған кезде тарифтер стандартты кесте бойынша қолданылады
10-100 млн. теңгеге сатып алулар/сатулар	мәміле сомасынан 0,05%, кем дегенде 2 АЕК	
100-500 млн. теңгеге сатып алулар/сатулар	мәміле сомасынан 0,04%	
500 млн. теңгеден жоғары сатып алулар/сатулар	мәміле сомасынан 0,025%	
жеке кабинет арқылы мәмілелер жасау үшін ЭСҚ беру	ҚР әрбір азаматы ЭСҚ өз қаласының және ауданының ХҚО-нан тегін ала алады – ЭСҚ деректерін Клиент бұдан әрі Клиенттік тапсырыстарға және «БТА Секьюритис» АҚ-мен жұмыста өзге өтінімдерге қол қою үшін пайдаланады.	
бөтен ұйымдардың комиссиялары		

Барлық сұрақтар бойынша сіздер мына телефондарға хабарласа аласыздар:

+7 (727) 393 73 50 +7 (727) 393 73 51

+7 (727) 393 73 52 +7 (727) 393 73 22

	мәмілелер сомалары - тариф
Қазақстан Қор Биржасының комиссиясы	1 млн. тг. дейін - 100 тг.
	1-3 млн.тг. - 150 тг.
	3-5 млн. тг. - 200 тг.
	5 млн. тг. жоғары – соманың 0,01%

Қатысушы компаниялар

«Халықтық IPO» Бағдарламасына қатысу үшін неғұрлым тұрақты компаниялар іріктеліп алынды, олардың көпшілігі өз табысын ел ішіндегі қызмет есебінен қалыптастырады, яғни әлемдік нарықтардағы жағдайға тәуелді емес.

Бастапқы IPO шығуға үміткер компаниялар шартты түрде үш эшелонға бөлінген. Бүгінгі күні «Самұрық-Қазына» қорына кіретін 400 еншілес ұйымдардың арасынан бастапқы IPO шығу үшін 10 үміткер компаниялар іріктеліп алынды.

Халықтық IPO барлық үміткерлер қосымша эмиссияны жүргізеді. Бұл ретте қазақстандық қор биржасында үкімет бекіткен бағдарламаның шарттары бойынша әрбір компанияның дауыс беруші акцияларының жалпы санының 5%-дан 15%-ға дейінгі бағалы қағаздары орналастырылатын болады.

Қатысушы компаниялар - бұл акцияларының құны ұзақ мерзімді келешекте өсетін тұрақты компаниялар. Бұл тұрақтылық инвесторларды тартады, мұның өзі оларға сұранысты, демек бағаны ұстайды. Сөйтіп, «Халықтық IPO» Бағдарламасына мынадай компаниялар қатысады:

2012 жылғы қазан-қараша

«ҚазТрансОйл» АҚ мұнай тасымалдауды және олар бойынша су беруді қамтамасыз ететін магистральді құбырлардың тармақталған қуатты желісіне иелік ететін Қазақстан Республикасының ірі мұнай тасымалдаушы компаниясы болып табылады. Сондай-ақ Қоғам қызметінің негізгі түрлері жылу энергиясын өндіру, беру және бөлу, электр энергиясын беру және бөлу, табиғи газды Қазақстан Республикасының тұтынушылары үшін бөлу құбырлары бойынша тасымалдау болып табылады.

2013 жыл



«KEGOC» АҚ - (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) Қазақстан Республикасының бірегей электр энергетикасы жүйесінің Жүйелік операторы болып табылады. Қоғам Қазақстан Республикасы Үкіметінің 14.07.1997 ж. Қаулысына сәйкес құрылды. Қоғамның құрылтайшысы Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі Мемлекеттік комитеті болып табылады. Қоғам акцияларының мемлекеттік пакеті 100% құрайды.

Барлық сұрақтар бойынша сіздер мына телефондарға хабарласа аласыздар:

+7 (727) 393 73 50 +7 (727) 393 73 51
+7 (727) 393 73 52 +7 (727) 393 73 22



«КазТрансГаз» АҚ – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 5 ақпандағы № 173 Қаулысына сәйкес мұнай-газ саласының жұмысын жүйелендіру мақсатында құрылды. Компания қызметінің негізгі түрі газ секторының мемлекеттік және ұлттық даму бағдарламаларын әзірлеуге және орындауға қатысу болып табылады. Жалғыз акционері "ҚазМунайГаз" Ұлттық компаниясы" АҚ болып табылады.



«AirAstana» АҚ Еуропалық авиациялық қауіпсіздік агенттігі (EASA) 145-ші директиваның талаптары бойынша әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуді орындауға сертификаттады. 2011 жылы «Эйр Астана» авиакомпаниясын IATA (Халықаралық әуе көлігі қауымдастығы) пайдалану қауіпсіздігі бойынша халықаралық аудиттен (IOSA) сәтті өткен авиакомпаниялар тізіліміне ресми тіркеді. «Эйр Астана» осы тізілімде 2007 жылдан бері тұрған Қазақстандық жалғыз авиакомпания болып табылады. Компания 2001 жылы тіркелді.



«Самұрық-Энерго» АҚ - бұл «Самұрық-Қазына» АҚ және «КазТрансГаз» АҚ компаниялар құрылымына кіретін энергетикалық активтерді шоғырландыру мақсатында құрылған Қазақстандағы электр энергетикасының активтерін басқару жөніндегі холдинг.



«Қазтеңізкөлікфлот» ҰТКК» АҚ – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 4 желтоқсандағы №1239 қаулысымен құрылды. Қоғамның акционері «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ болып табылады, оған акцияларының 100% тиесілі. Компания қызметінің негізгі түрлері: мұнай тасымалдау, құрғақ жүктерді тасымалдау, теңіз операцияларын қолдау флотының қызметтері, сервистік қызметтер. «Қазтеңізкөлікфлот» АҚ құрамында бес еншілес компаниялар жұмыс істейді: Kazmortransflot Ltd, «Маңғыстау облысының кеме жөндеу зауыты» ЖШС, “Kazmortransflot UK” Ltd, “Altai Shipping” Ltd және “Alatau Shipping” Ltd.

2014 жыл



«КТЖ» ҰК» АҚ – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 31 қаңтардағы қаулысымен құрылды. «КТЖ» ҰК» АҚ магистралді теміржол желісінің операторы, жолаушылар мен жүктерді теміржол көлігімен тасымалдау функцияларын

Барлық сұрақтар бойынша сіздер мына телефондарға хабарласа аласыздар:

+7 (727) 393 73 50 +7 (727) 393 73 51
+7 (727) 393 73 52 +7 (727) 393 73 22

орындау секілді қызмет түрлерін жүзеге асырады. «ҚТЖ» ҰК» АҚ жалғыз акционері «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» Акционерлік қоғамы болып табылады.



«ҚазТемірТранс» АҚ – Қазақстан Республикасының жүктік вагон паркінің ірі операторы. 2003 жылғы 21 қазанда Қазақстандағы теміржол көлігін реформалау шеңберінде құрылды, «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» АҚ 100%-дық еншілес кәсіпорны болып табылады. Қазақстан Республикасы жүк вагондары инвентарлық паркінің ірі меншік иесі бола отырып (63000 бірлікке жуық), «Қазтеміртранс» АҚ Қазақстан аумағы бойынша теміржол тасымалдарының жалпы көлемінің 56%-дан астам жүк тасымалдарын жүзеге асырады.

2015 жыл



«ҚазМұнайГаз» АҚ – мұнай мен газ өндіру саласындағы ірі ұлттық компания. Компания Қазақстан Республикасында жүзеге асырылатын мұнай тасымалдаудың **65%**, газ тасымалдаудың **100%**, танкерлік тасымалдардың **50%** қамтамасыз етеді. «ҚазМұнайГаз» АҚ Қазақстан аумағындағы негізгі мұнай өңдеу активтерін басқарады, сондай-ақ Румыниядағы мұнай өңдеуші зауыттарға иелік етеді.



«ҚазАтомӨнеркәсіп» ҰАК» АҚ - уранның, сирек кездесетін металдардың, атом электр станциялары үшін ядролық отынның, арнайы жабдықтардың, технологиялардың және қос мақсаттағы материалдардың импорты-экспорты бойынша Қазақстан Республикасының ұлттық операторы болып табылады. Компания акцияларының 100% «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры тұлғасында мемлекетке тиесілі.

Барлық сұрақтар бойынша сіздер мына телефондарға хабарласа аласыздар:

+7 (727) 393 73 50 +7 (727) 393 73 51

+7 (727) 393 73 52 +7 (727) 393 73 22